

мағынада тұрған сөзге қосымша түсіндірме қажет емес. Бұл фразаның мәнін тыңдарман дұрыс түсініп, қабылдайды. Жарнама мәтінінде осындай коннотативті, бейнелі, образды сөздер жиі қолданылады. Бұл да мәтіннің прагматикалық ықпалын арттырудың бір тәсілі.

Қ.Есенова өз еңбегінде мәтін прагматикасын: «Кодталған ақпараттың адресат тарапынан дұрыс ашылып, адекватты түрде қабылдануы» - дейді [3, 10]. «Прагматика тілдік қарым-қатынасқа қатысушының тілді қандай мақсатта қолданып тұрғандығын зерттейді. Прагматика тілдік құралдарды коммуниканттардың сана – сезіміне, іс-әрекетіне әсер мақсаты тұрғысынан қарастырады», - деп Ф.З. Жақсыбаева сөз болып отырған мәселеге өз ойын қосады [4, 102].

Қорытындылай келе, жарнама – қоғамдық кеңістікте мәдени әсер беретін ақпарат түрі. Жарнаманың прагматикалық әлеуетін көтеруге көптеген компоненттер ат салысады. Соның ішіндегі ең маңыздысы – мәтін. Жарнама мәтінінің дұрыс жазылуы, орынды аударылуы – бұқара халықтың санасында жақсы сақталуға көмектеседі. Сауаттылық мәселесінен бөлек, жарнамада әдеп нормалары да қатаң сақталуы тиіс. Біреудің жеке басына нұқсан келтіретін, бір халықты немесе ұлтты қаралайтын, нәсілдік кемсітушіліктері бар мәтіндер заңмен қудаланады. Қазақстан Республикасының «Жарнама туралы заңының» 2-тарау «Жөнсіз жарнама түрлері» 7-бабының 3-тармағына сәйкес жеке тұлғалардың нәсіліне, ұлтына, тіліне, кәсібіне, әлеуметтік жағдайына, жасына, жынысына, діни және саяси нанымына қатысты қорлайтын сөздерді, теңеулерді, бейнелерді пайдалану арқылы жалпыға бірдей қабылдаған ізгілік пен мораль нормаларын бұзатын мәтіндік, көріністі, дыбыстық ақпаратты қамтитын жарнама - әдепсіз жарнама болып табылады. [5].

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Репьев А. П. Мудрый рекламодатель. – М.: Эксмо, 2008. – 123 б.
2. Гак. В.Г., Львин. Ю.И. Курс перевода: Французский язык. Общественно-политическая лексика. – М., 1980. – 400 б.
3. Есенова Қ.Ө. Қазіргі қазақ медиамәтінінің прагматикасы (қазақ баспа сөз материалдары негізінде): фил. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 2007.
4. Жақсыбаева Ф.З. Газет мәтінінің прагматикалық функциясы (қазақ тілінде шығарылатын газет материалдары бойынша): фил. ғыл. канд. диссертациясы. – Алматы, 2000.
5. Қазақстан Республикасының «Жарнама туралы заңы» // Сілтеме: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000508>

#### Орынбекова Арман Мұратбекқызы

Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжінің студенті

[orynbekovaarman@gmail.com](mailto:orynbekovaarman@gmail.com)

*Ғылыми жетекші:*

*Муханова Гүлден Тұңғышбайқызы*

### ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СӨЗЖАСАМ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сөзжасам – тіл білімінің жаңа мағыналы туынды сөздердің қалыптасуы мен мағыналық дамуын, жасалу тәсілдерін зерттейтін саласы. Зат не құбылыс туралы ұғым тілде таңбаланып, сөзжасамдық процесс негізінде атау ретінде танылады. Сөзжасамның зерттеу нысанына атаудың жасалуы, қалыптасуы, ұғымда қалыптасқан бейненің тілдік таңбасы, туынды сөздің жасалу сипаты, әдіс-тәсілдері, жаңа мағынаның ішкі құрылымы, т.б. жатады. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі атаудың қалыптасуымен қатар, мағынаның дамуын, ұғым-мағына - атаудың кешенді бірлігін қарастырады.

Сөзжасам – лингвистика ғылымында жеке сала ретінде кеш танылып, кенже дамып, қалыптасып, жетіліп келе жатқан сала. Қазақ тіл білімінде сөзжасам мәселесі бұрын грамматиканың морфология саласында, кейбір мәселелері лексикология саласында қарастырылып келсе, өткен ғасырдың сексенінші жылдарының аяғынан бастап сөзжасам жеке сала ретінде зерттеле бастады. Қандай да бір ғылым саласы болмасын, оның қалыптасу, даму кезеңдері болатыны сияқты, сөзжасамның да өзіндік зерттелу тарихы бар. Талай ғылыми еңбектерге арқау болған сөзжасам жүйесінің негізі көне түркі тілінен басталып, содан бері дамып, толығып, қалыптаса келе, қазіргі күрделі жүйелі дәрежеге жеткен.

Сөзжасамның тәсілдері:

1. Семантика-фонетика – кей дыбыстардың сәйкесуі нәтижесінде жаңа сөз жасау мүмкіндігі;

2. Семантикалық сөзжасамдық – сөз тұлғасы өзгермей-ақ, жаңа мағыналы туынды сөздің жасалуы;

3. Семантика-синтетикалық сөзжасамдық – негізге сөз тудырушы жұрнақтардың жалғануы арқылы екіншілік мағынаның туындауы;

4. Семантика-аналитикалық – негіздердің бірігуі, тіркесуі, қосарлануы арқылы ерекше мағыналы атау жасау қабілеті.

Сөзжасам мектепте 5-сыныпта «Бос уақыт және хобби» тарауының «Уақыттың қадірі» тақырыбында берілген;

#### Негізгі және туынды сөздер

Сөздер құрамы жағынан дара және күрделі болып екіге бөлінеді. Бір ғана түбірден тұратын негізгі және туынды түбір сөзді дара сөз дейді. Мысалы: бала, кеше, ауыл, достық, егінші сияқты сөздер дара болып есептеледі, өйткені олар бір ғана түбірден тұрады. Бірақ олардың құрамы бірдей емес. Бірі тек түбірден тұрса, екіншілері түбір мен қосымшадан тұрады. Осыған орай олар екіге бөлінеді:

1. Түбір (негізгі) сөз - сөздің мағынасы бар ең бастапқы бөлшегі. Мысалы: бала, кеше, ауыл, арман, т.б.

2. Туынды сөз түбір сөзге сөз тудырушы жұрнақ жалғану арқылы жасалады.

Мысалы: дос-тық: түбірі - дос; -тық - жұрнақ; ег-ін-ші: түбірі - ег; -ін, -ші - жұрнақтар, т.б.

Күрделі сөздер

Күрделі сөздер кемінде екі түбірдің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі арқылы жасалады.

Тіркесті күрделі атаулар қысқарту амалы арқылы да беріледі.

Күрделі сөздер

Біріккен сөз- тасбақа (тас+бақа) бүгін (бұл+күн) қыстыгүні (қыстың+күні) өнеркәсіп (өнер+кәсіп) қарлығаш (қаратала+күс)

Қос сөз- ата-ана, үлкен-кіші, бала-шаға.

Қысқарған сөз- ҚР (Қазақстан Республикасы) АҚШ (Америка Құрама Штаттары) ТБИ (Тіл білімі институты)

Тіркесті сөз- алпыс бес сары ала ат жарысып келе жатыр, Балқаш көлі.

8-сыныпта «Кәсіп пен еңбек. Болашақ мамандықтары. Лексика» тарауында «Қазақ даласындағы мыс өндірісі» тақырыбында «Сөздік қор және сөздік құрам», «Жекпе-жек» тақырыбында «Сөздік құрамның толығы жолдары» ережесімен берілген. Ұсынылған сағат саны – 2.

Сөздік қор мен сөздік құрам

Тілдің негізгі сөздік қоры - сөздік құрамның ең тұрақты бөлігі, ондағы сөздердің негізгі ұйытқысы. Сөздік қорға:

-тілдегі барлық сөздердің негізгі ұйытқысы саналатын түбір сөздер;

-түркі тілдеріне ортақ, бір буынды байырғы сөздер;

-қажетті ұғым-түсініктерді қамтыған баршаға түсінікті сөздер;

-қазақтың ғасырлар бойы қалыптасқан байырғы төл сөздер;

-ежелден тілге әбден сіңісіп, жалпыхалықтық сипат алған кірме сөздер жатады.

Сөздік қордың басты белгісі - тұрақтылық, онда жалпыхалықтық сипат басым келеді. Сөздік қордағы сөздер жаңа сөз тудыруға ұйытқы болып, сөздік құрамды байытады. Мысалы, жер сөзінен жершіл, жерлес, жер үй, жертөле т.б сөздер жасалған.

Сөздік құрам - тілдегі барлық сөздің жиынтығы. Ұлттың қоғамдық, әлеуметтік тіршілігін тұтас сипаттайтын сөздік құрамға:

жалпыхалықтық лексика;

-кірме сөздер;

-терминдер;

-кәсіби сөздер;

-диалектілер;

-жаргондар;

-әдеби және ауызекі тіл лексикасы т.б енеді.

Сөздік құрам негізгі сөздік қорға қарағанда өзгергіш келеді, тілдің тарихи даму кезеңінде өзгеріп отырады.

Сөздік қор мен сөздік құрамды меңгерту барысында төмендегідей тапсырмалар ұсынылады;

3-тапсырма. Берілген сөздерден жаңа сөздер, жаңа тіркестер жасап, кестеге түсіріңдер.

Сөздік қор арқылы сөздік құрамның қалай толығынына назар аударыңдар.

Үлгі: Сөздік қор- ас.

Сөздік құрам- астық, асхана, ас-су, ас үй, ас ішіп, аяқ босату.

( Ана. Тас. Жас. Бар. Бес. Жылқы. Қоян. Жақсы.)

4-тапсырма. Деңгейлік тапсырманы орындаңдар.

1-деңгей. Мәтіндегі сөздік қорға енетін сөздерді теріп жазыңдар. «Олжа» сөзінің мағынасын түсіндірме сөздіктен анықтаңдар.

2-деңгей. Мәтіндегі негізгі ойды анықтап, ақпаратты өздеріңе таныс ақпараттармен байланыстыра талдаңдар.

3-деңгей. Қазақ халқының металл өндіру мен өңдеуді ерте заманнан кәсіп еткенін дәлелдеп, «Төрт сөйлем» тәсілімен пікір, дәлел, мысал, қорытынды жазыңдар.

Сөзжасам жүйесі біршама зерттеліп, ғылыми еңбектер қорғалып, монографиялар мен оқулықтар жарық көрді. Сөзжасамның зерттеу нысанын, тіл біліміндегі орнын, мән-маңызын ашуда профессор Н. Оралбаеваның, профессор С.М. Исаевтың, профессор А.Салқынбайдың, профессор З.Бейсембаеваның, Б.Қасымның тағы басқалардың еңбектерін ерекше атауға болады.

Сөзжасам мәселесін жаңа бағытта, жаңа ғылыми негізде жоғарғы дәрежеге көтерген және сөзжасамның кейінгі зерттелуіне соны бағыт сілтеуге, сөзжасамға көзқарасты өзгертуге, жаңа идеяларға бастауға профессор Н.Оралбайдың жауапты редакторлығымен (авторлары – қазақ тіл білімінің көрнекті ғалымдары М.Балақаев, А.Қалыбаева, Н.Оралбаева, Қ.Есенов, Е.Жанпейісов, С.Нұрханов) 1989 жылы жарық көрген «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографиясының маңызы өте зор болғанын айтуымыз керек [1]. Монография сөзжасам мәселесін жаңа тұрғыда зерттеудің нәтижесі болды, ғылымның соңғы жетістіктеріне негізделе отырып жазылған ғылыми, көлемді монография еді. Сондықтан қазақ тіл білімі сөзжасамының жеке сала ретінде танылып, қалыптасуының негізін қалаудағы ғалымның зерттеген мәселелеріне ерекше тоқталу қажет.

Сөзжасам 1990 жылы жоғарғы оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша оқу жоспарына кіргеннен бастап оқытылып келеді. Сөзжасамды оқытудың бағдарламасын 1992 жылы профессор Н. Оралбаева құрастырған болатын. Бұл пәнді оқытушылар «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографияға және осы мәселедегі жеке зерттеулер мен морфология оқулығындағы сөз таптарының сөзжасамы туралы деректерге сүйеніп оқытып келген. Осы аталған монографияның негізінде Нұржамал Оралбай 2001 жылы оқулық жазып шығарды. Аталған еңбегінде Оралбай Нұржамал апай:

«Сөзжасам бұрын морфология саласының құрамында қаралып, оның мәселелері морфология оқулығында берілгенде, онда сөз таптарының сөзжасамы ғана қамтылды, оның өзі толық қамтылды деу қиын. Өйткені морфология тіл білімі салаларының ішіндегі ең күрделісі, оның өз мәселелерін оқулықта толық, жан-жақты қамту өте ауыр, оқулық көлемі, ол пәнді оқытуға бөлінетін уақыт бәрі өте күрделі мәселенің аумағына шек қойды», - дейді.

Аталған оқулық қазіргі замандағы ғылымның дамуына сай жаңа технология бойынша модульдік жүйемен жазылған. Оқулықта қазақ тілінің сөзжасам жүйесі, сөзжасамдық талдау, сөзжасамдық тәсілдер, сөзжасам бірліктері, сөзжасамдық мағына, сөзжасамдық мағына негізділігі, сөзжасамдық ұя, тізбек, саты, тип, үлгі, т.б. қазақ тілінде бұрын зерттелмеген мәселелер айтылды. Бұл жөнінде профессор «Оқулық мәселелерін модульдерге бөліп беру пәнді сапалы меңгеруді көздейді. Студент әр модульдің мәселелерімен түрлі жұмыс жүргізіп, оны меңгеруге мүмкіндік алады, оқытушы студенттің әр модуль бойынша жасаған жұмысын, оның сапасын тексеріп, бағалауға мүмкіндік алады. Әр модуль соңындағы сұрақтар, тапсырмалар, тестер т.б. т.б. жұмыстарды орындау, оның дұрыстығын анықтау, ондағы кемшілікті жою үшін мәселеге қайта оралу т.б. мәселені сапалы меңгеруге көмектеседі. Оқытушы әр студенттің әр модульдің мәселесін қалай меңгергенін бағалап қорытып отырады».

Қазақ тілінің сөзжасам саласында ерекше мәселелердің бірі — сөзжасамдық тәсілдер. Зерттеуші ғалымдардың сөзжасам тәсілі туралы бірнеше пікірі бар екені белгілі. Айталық, профессор Н. Оралбаева сөзжасамдық тәсілдерді: синтетикалық тәсіл; лексика-семантикалық тәсіл; аналитикалық тәсіл деп бөлсе, профессор А.Б. Салқынбай өз зерттеулерінде сөз тудырушы тәсілдердің мынадай түрлерін ажыратады: фонетика-семантикалық; семантикалық; синтетика-семантикалық; аналитика-семантикалық [4]. Ғылымда сөзжасамдық мағына туралы ғалымдар пікірі де түрліше. Оларды ғалымдар екіге топтастырып қарап жүр. Олар: жиынтық мағына (суммарное значение), айырма мағына (разностное значение). Сөзжасамдық айырма мағына деп негіз сөз бен одан жасалған туынды сөздің арасындағы мағыналық айырмашылық аталады. Жиынтық мағына деген бағыттағы ғалымдар сөзжасамдық мағына деп негіз сөз бен жұрнақтың мағынасының қосындысынан шыққан мағынаны атайды.

Н.Оралбаева сөзжасамдық мағына туралы ғалымдардың пікірлерін келтіре отырып, өзгерген туынды мағына (негіз сөздің мағынасының негізінде жасалады: жас-жасар, көк-көгер), түрленген туынды мағына (негіз сөздің мағынасы өзгермей, түрленуі: бала-балапан, әке-әкетай), көшірілген туынды мағына (негіз сөздің мағынасы басқа сөз табына көшуі: айтыс (етістік) – айтыс (зат есім)), теңбе-тең туынды мағына (туынды сөздің мағынасы негіз сөздің мағынасымен тең болуы: АлМУ — Алматы мемлекеттік университеті) деп бөледі.

Сөзжасам жүйесі әр дәуірдің жаңалығымен бірге де толығып отырады. Осы салада еңбек сіңіріп жүрген ғалымдар қауымының ізденістерін бір арнаға тоғыстыру тіл мамандарының ғана емес, ана тілін ардақтаған, сөз байлығын түгендеген әрбір азаматардың монографиялық еңбектерінен көруге болады. Ертедегі әдеби мұраларымызда, бай ауыз әдебиетімізде қолданылған, бірақ қолданыстан шығып қалған әр сөзді мағынасымен қолдана білу үшін жинақтап, болашақ ұрпаққа ұғындыру, тіл мәдениетін көтеру, көнерген, ескірген сөздердің бәрін бірдей қолданыстан шығарып тастамай, әр сөзді жарасымдылығымен орнын тауып қолданып, тілімізді әрлендіру сөзжасам қорын кеңейтеді. Қазақ тіл білімінде қалыптасқан 9 сөз табы бар, олар: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, шылау, одағай және еліктеу. Әр сөз таптарының ерекшеліктеріне байланысты сөзжасамға қатысу қабілеті әр түрлі. Басқа сөз таптарына қарағанда зат есім, сын есім, етістіктер сөзжасам процесінде әлдеқайда белсенді түрде қатысса, ал сан есім, еліктеуіш сөздер, одағай сияқты сөз таптарының сөзжасамдық мүмкіндігі төмендеу.

Т.Т.Пірімбетов зерттеулер нәтижесі де туынды сөз жасайтын лексикалық бірліктердің лексикалық мағынасы болуы керектігін дәлелдеген.

Пірімбетов Тұрмаханбет Төлешұлы «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы» тақырыбында оқу-әдістемелік кешенін құрастырған болатын. Осы әдістемеде сөзжасамның түрлі мәселелері көтерілген:

Жаңа сөз жасауда тілдегі түбірлердің барлық түрі қатысады: негізгі түбір, туынды түбір, біріккен сөз, қос сөз, қысқарған сөз. Сөзжасамға негіз сөз қызметінде қатысатын бұл түбірлердің көбі (негізгі түбірден басқасы) – сөзжасам процесінің нәтижесінде туған туынды сөздер. Аталған түбірлердің сөзжасауға қатысы бірдей дәрежеде емес. Сондықтан тілдің сөзжасам жүйесіндегі түбір сөздің атқаратын қызметінде де ерекшелік бар.

Мәселен, негізгі ,туынды түбірлер сөзжасам процесіне актив қатысатын түбірлер: бас-тық, көз-де, ақ-та, қасқар-ма, егін-ші, басқару-шы т.б. Ал біріккен сөз, қос сөздер мен қысқарған сөздер жаңа сөз жасауға пассив қатысады: бүгін-гі, биыл-ғы, колхоз-шы, совхоз-шы, бес-алты-сыз, алпы-жетпіс-сіз, Екібастұз-дық, белбеу-лі т.б.

Туынды сөздер – сөздік қорымыздың ең көлемді қабаты, олар тілдің әр даму сатысында сөзжасамның нәтижесінде үнемі сөздікке қосылып, тілді байытып отыратын тілдік нұсқалар. Туынды сөздер тілдің сөзжасамдық тәсілдерінің бәрі арқылы жасалатын болғандықтан, туынды сөздердің түрлі болатыны. Туынды сөздердің негізгі түрлері: туынды түбір, сөз қосым (біріккен сөз), қосарлы сөз ( қос сөз), тіркесім (күрделі сөз), қысқарым (қысқарған сөз).

Сөзжасамдық талдау. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесіндегі белгілі сөзжасамдық тәсілдер, сөзжасам типтері мен үлгілері, жалпы түрде сөздің жасалу механизмін анықтау сөзжасамдық талдаудан басталады. Мысалы: малшы, етікші, өлеңші сияқты түбірлердің туынды екенін дәлелдеу үшін оларды мал, етік, өлең сөздерімен салыстырамыз. Мысалы: егін-ек, жиын-жи, өнім-өн, ағар-ақ, бөлме-бөл, тілек-тіле, өнім-өн, ақта-ақ т.б.

Туынды сөздерді талдауда тек негіз сөзге ғана сүйеніп қою жеткіліксіз. Мұнда жұрнақ та - негізгі тұлғаның бірі. Сөзжасамдық талдауда жұрнақтың атқаратын қызметі үлкен. Мысалы, келтірілген мысалдардың туынды түбірлерде қолданылуын алып салыстыру керек: балташы, тракторшы, биші, әнші т.б. Бұл мысалдарда да мамандық мағынасы бар. Салыстыру –шы,-ші жұрнағы бар сөзде мамандық мағынасы болатынын көрсетті. Сол арқылы –шы,-ші жұрнағының тілдің сөзжасамдық тұлға екені анықталды. Осы талдаулар малшы, етікші, өлеңші сөздерінің туынды сөз екенін толық дәлелдейді. Жұрнақтың басқа туындыларда қолданылуы, ондағы мағынасы арқылы екінші бір туынды сөздерді дәлелдеу қабілеті жалпы құбылысқа жатады.

Еліктеу сөздерінің лексикалық мағынасы сөзжасамдық жұрнақтар арқылы басқа сөз таптар жасалып, жаңа лексикалық мағынаға ие болады. Мысалы: тарс-ыл, сыр-ыл, бұлт-ақ, бүлк-ек, даң-ғыр, қаң-ғыр, дүң-гір, күң-гір т.б. Еліктеу сөздерінің негізінен - ыл, -іл, -л, -ек, -ғыр, -гір сөзжасам жұрнақтары арқылы зат есімдер туындаған болса, желб-іре, салб-ыра, үлб-іре, қалб-ыра күрк-іре, дүрк-іре, арбаң-да, ербең-де, күбір-ле, қоқаң-да т.б. Негіз еліктеуіштерден туынды -ыра, -іре, -ла, -ле, -да, -де сөзжасам жұрнақтары арқылы жаңа лексикалық мағынаға ие болып, етістіктер жасалған. Осы мысалдардағы негіз сөз қызметін еліктеуіш сөз атқаратын болса, сөзжасам жұрнақтары арқылы жаңа лексикалық мағынасы бар туынды сөздер жасалған.

Сөзжасам жүйесіндегі зерттелген мәселелер тұрақталынғанмен, ол қатып қалған құбылыс емес. Қазан төңкерісінен кейін аналитикалық тәсілдің көлемі ұлғайып тілімізде күрделі атаулар көбейді. Ол сөздерді айтуда және жазуда ықшамдап айту қажеттілігі туындап, соның нәтижесінде орыс тілінің сөздерді қысқарту тәсілі сөзжасам жүйесіне де келіп қосылды. Кеңес дәуірі кезінде қалыптасып қолданысқа түскен. Мысалы: КПСС, МТС, партбюро, обком, колхоз, совхоз т.б. Ал еліктеу сөзінің сөз табында бұл қысқарту тәсілі тән емес. Мүлде қолданыста жоқ .

Сөзжасамдық бірліктер (единицалар). Тіліміздің сөздік қорынан туынды түбір сөздердің кең орын алатынын сөзжасамдық ұялар анық дәлелдейді. Өйткені әр сөзжасамдық ұя бір негізгі түбір сөзден қанша туынды сөз жасалғанын анық, ашық көрсетеді. Сөзжасамдық ұя

бір сөздің негізінде туынды сөздердің жасалуының барлық жолын, тетігін ашып береді. Әр сөзжасамдық ұяда бір негізгі түбір сөз және одан туған туынды түбірлер болады. Әр сөзжасамдық ұядағы туынды түбір сөздердің бәрінің құрамында түп негіз сөз үнемі қатысып отырады. Мысалы, бас, басшы, басшылық, басқар, басқарма т.б. деген бас негізгі түбірінен тараған сөзжасамдық ұядағы туынды сөздердің бәрінің құрамында бас негізгі түбірі бар. Бір сөзжасамдық ұядағы туынды сөздердің бәрі бір негізгі түбір сөзден өрбігендіктен, олар түбірлес сөздер деп аталады.

Есім сөздердің сөзжасамы. Әр сөз табының сөзжасамдық қабілетінің әртүрлі екенін былай қойғанда, бір сөз табының ішіндегі негізгі түбірлердің қабілеті де – түрлі екені сөзсіз. Тілде бірсыпыра негізгі түбірлер өте күрделі сөзжасамдық ұялар жасаса, ал кейбіреулері екі ғана туынды түбірден тұратын сөзжасамдық ұя жасаған. Әр сөз табының сөзжасамдық өз жұрнақтары бар. Зат есім жұрнақтары, сын есім жұрнақтары т.б. әр сөз табына қатысты жұрнақтың сөзжасамдық қызметі өзі қатысты сөз табының құрамына жаңа сөзбен толықтыру болып саналады, ол өзі қатысты сөз табына жататын сөздерді, атауларды жасайды.

Сөз таптарының сөзжасамын есім сөздердің және етістіктің сөзжасамы деп екі бөліп қарау қолайлы, өйткені сөз таптарының сөзжасамы үлкен және есім сөздердің сөзжасамында ұқсас жағдайлар бар. Есім сөздердің сөзжасамына зат есім, сын есім, сан есім, есімдік сөзжасамы жатады. Қазақ тілінде есім негізді зат атаулары, етістік негізді зат атаулары сияқты, жұрнақ арқылы одағайдан өзге сөз таптарының бәрінен жасалады. Зат есім сөзжасамын синтетикалық, аналитикалық және субстантивация тәсілдері құрайды. Сын атаулары сөзжасамы бұған дейін орта және жоғары оқу орындары оқулықтарында, жеке монографиялық еңбектерде тек морфология деңгейінде қарастырылып келді. Сын есім семантикалық-грамматикалық жағынан, морфологиялық ерекшеліктері мен сөз тудыру, сөз өзгерту амалының жүйесі жағынан да, синтаксистік қызметі мен қолданылу жағынан да, қазіргі қазақ тіліндегі өзіне тән ерекшелігі бар сөз табы. Күрделі сан атауларындағы сөздерді көне жазба ескерткіштерден кездестіруге болады. сан есімдер - өзіндік сөзжасамдық жүйесі бар сөз табы және сан есімнің сөзжасамдық жүйесі ертеде қалыптасқан. Басқа сөз таптарына қарағанда есімдіктердің жасалу жолдары тілімізде онша күрделі емес. Дегенмен де есімдіктердің де жасалу жолдарында басқа сөз таптары сияқты синтетикалық және аналитикалық тәсілдер орын алады. Үстеудің сөзжасамдық жүйесінің басқа сөз таптарынан ерекшелігі – олардың жалғаулардың түбірге кірігіп, көнеруі арқылы туынды үстеудің жасалуы. Мысалы, алға, бірге, әзірге, баяғыда, күнде, лезде, төтеден, т.б.

Сөзжасам тіл білімінің жеке, дербес саласы болып саналады. Жалпы тіл саласы үнемі дамып отырғаннан кейін, осыған сәйкес жаңа сөздердің қалыптасып отыруы да заңды екені бәрімізге мәлім. Тіл бір орында тұрмайды, дамиды, қозғалыста болады дейді. Сөздің тілдің бөлшегі ретінде қалыптасу процесі өте ұзақ, өйткені сөйлеушілер оған үйренуі керек. Жаңа сөздер неологизмдер деп аталады. Ал олардың пайда болу жолдарын зерттейтін ғылым – сөзжасам.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. [ <https://emirsaba.org/4602010-seriya-filologiya.html?page=9> ]
2. [ <https://ulagat.com/2020/05/15/қазақ-тіліндегі-сөзжасам-мәселелері/#:~:text=Сөзжасам%20жүйесі%20біршама%20зерттеліп%2C%20ғылыми,басқалардың%20еңбектерін%20ерекше%20атауға%20болады> ]
3. [ <https://okulyk.kz/kazahskij-jazyk/291/> ]
4. [ <https://kk.wikipedia.org/wiki/Сөзжасам> ]
5. [ [https://www.yaneuch.ru/cat\\_09/szzhasamny-alyptasu-damu-kezeder/456981.3011983.page1.html](https://www.yaneuch.ru/cat_09/szzhasamny-alyptasu-damu-kezeder/456981.3011983.page1.html) ]